

Материалдық көмек көрсетуге құқық беру туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 ж. 25 мамыр N 189-ө.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

1. Мемлекеттік басқару органдарының басшыларына осы органдардың қызметкерлеріне олар ведомстволық санаторийлер мен демалыс үйлеріне, сондай-ақ республиканың аумағында орналасқан басқа ведомстволардың санаторийлері мен демалыс үйлеріне жолдамалар алған жағдайда жолдама құнының қызметкердің өзі үшін 70 проценті және күйеуі (әйелі) үшін 50 проценті есебінде Қазақ КСР-інің Министрлер Советінің 1989 жылғы 26 қазандағы N 333 қаулысының 1-тармағының жетінші абзацында көзделгендегіден жоғары сомада белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде материалдық көмек көрсетуге құқық берілсін.

2. Қазақ КСР-інің Министрлер Кабинеті Премьер-министрінің 1991 жылғы 21 наурыздағы N 44 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министр